

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ

Еліміздің есіп-өркендеуі алдымен мемлекетімізде жүргізіліп отырған экономикалық саясатқа байланысты. Тәуелсіздік алғаннан бері көптеген экономикалық дағдарыстарға, қыншылықтарға төтеп беріп, тиімді жүзеге асырылған реформалардың нәтижесінде экономикамыз дамып келеді.

ЗАМАНАУИ ТАЛАП – БӨСЕКЕГЕ КАБІЛЕТТІ БІЛІМ

Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы да сарабдал саясатының аясындағы «Алдымен экономика, содан соң саясат» қаридасына негізделген стратегиялар мен бағдарламалар халқымыздың әл-ауқатының жақсаруына септігін тигізуде.

Қандай қоғам болса да бірінші кезекте азаматтардың материалдық құндылықтарына аса көніл бөлөтіні анық. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың және Мемлекет басшысы

К.Тоқаевтың алға қойған мақсаты – әлемнің дамыған зорелінің қатарына енү болса, ол үшін біз заманауи талаптар мен сыйни қатерлерге төтеп бере алатын экономикағылыми толық мемгерген мамандарды даярлап шығуымыз қажет. «Ұстазды мықтынын – устанымы мықты» дегендегі, еліміз бойынша ұлттық рейтингте зорынды иеленіп отырған М.Әуезов атындағы ОҚУ қаншама тулектердің кәсіби маман атануына өз ықпалын тигізді. Сонымен қатар, QS ха-

лықаралық рейтингі бойынша университетіміз әлемдегі үздік 500 ЖОО қатарына еніп отыр. Бұл М.Әуезов атындағы ОҚУ-де әлемдік деңгейде сапалы білім берілуін кепілдендіреді.

Бұгінгі таңда университет студенттеріне академиялық үлтаралық бағдарламасымен Еуропа елдерінің серіктес беделді ЖОО-да 6-айдан 1 жылға дейін білім алудына толық жағдай жасалған. Соның ішінде атамыш оқу орнының «Басқару және бизнес» жоғары мектебі ете жақсы көр-

сеткіштермен ерекшеленеді. Бұл мектепте қазіргі таңда «Экономика», «Менеджмент», «Маркетинг», «Қаржы», «Есеп және аудит», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақүй бизнесі» мамандықтары даярланады. Жоғары мектепте 108 қызытушы профессор құрамы жұмыс істейді. Оның ішінде 10 экономикағылыми докторы, 49 экономикағылыми докторлық кандидаты және 49 магистр білім беруде.

Білім ордасынан шыққан шәкірттеріміз бұгінгі таңда ел экономикасының түрлі салаларында жемісті еңбек етуде. Сондыктан, рухани тәрбие мен сапалы білімді іздесеңіз, біздің оқу орнымыз әрқашан Сіздерді қабылдауға дайын. Лайықты өмір сүру – кәсіби маман қолында!

**Оспан БАҒДАТБЕК,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ «Экономикалық
теория» кафедрасының
магистры**